

Түйін

Мақалада жалпылай сөйлеу тілі дамымаған төменгі сынып оқушыларының лексикалық жағының ерекшеліктері қарастырылады.

Summary

This article is devoted to studying the level of formation of the lexical aspects of speech primary school age children with general speech underdevelopment.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТРЕНИНГТЕРІНІҢ ОҚЫТУ ҮРДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

А.Ә.Рысдәулетов -

Қазақстан Республикасы «Тұран» Университеті

Білім беруді дамытудың қазіргі заман жағдайында бірінші кезектегі міндеті– жоғары, білікті мамандарды оздыра даярлау болып табылады.

Бұл міндетті іске асыру оқытушылардың тұлғалық, педагогикалық қасиеттерімен қоса, студенттермен әріптестік байланыс орната білу мен тиімді қарым-қатынас жасай білу шеберлігіне де тікелей байланысты.

Қарым-қатынас тарихи алғашқы форма болып табылады. Оның негізінде өркениет дамуының кейінгі кезеңдерінде қарым-қатынстың басқа түрлері пайда болады. Мысалы; жазбаша қарым-қатынас жазбашалықтың құралуынан кейін ғана пайда бола бастады. Біздің әрқайсысымыз адамдар арасында өмір сүріп және жұмыс істегендіктен кез-келген жағдайда өз тілектерімізге тәуелсіз түрде адамдармен қарым-қатынасқа түсеміз. Сонымен, қарым-қатынас дегеніміз– тірі және өлі табиғат жүйелері арасында ақпарат алмасулары жүретін байланыс [1].

Біз өзіміздің негізгі қырларымызды жеке қарым-қатынас тәжірибелеріміз арқылы отбасындағы, мектептегі, жұмыстағы, көшедегі тікелей қатынастар арқылы игереміз. Бұл микроорта. Микроортадағы қарым-қатынас арқылы әрқайсысымыз әлеуметтік әлемді кеңінен танимыз және қарым-қатынасқа түсеміз, яғни микроорта әсерін сезінеміз. Ал, микроорта дегеніміз– бұл өз ғылымы, мәдениеті, идеялогиясы, заңы, қоғамдық өлшемдері бар қоғам. Микро және макроортаның кездесетін жері, олардың өзара әрекеттесетін шегі- бұл кіші топ, онда біздің әрқайсысымыздың өміріміз өтеді [2].

Демек, жоғарғы оқу орнындағы оқытушылардың да, оқушылардың да әрекеттесетін шегі, кездесетін жері яғни микроортасы- сол оқу орнының қабырғасы болып табылады.

Өзінің міндеті бойынша қарым-қатынас көп функциялы. Қарым-қатынастың 5 негізгі қызметін бөліп көрсетуге болады.

1. Прогматикалық функция- адамдардың біріккен іс-әрекеті процесінде өзара әрекеттесуінде жүзеге асады.

2. Қарым-қатынастың қалыптастырушы функциясы– ол адамның тұлға ретінде дамуы және қалыптасу процесінде танылады.

3. Растау функциясы- біз өзге адамдармен қарым-қатынас жасағанда ғана өзіміздің қандай екенімізді танып, түсініп растай аламыз. Өз құндылығының мойындалатынына көз жеткізу үшін адам өзге адамдардың қолдауын іздегенде осы функция көрінеді.

4. Тұлғааралық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау функциялары. Кез-келген адамдардың қарым-қатынасы өзге адамдарды бағалаумен және белгілі бір жақсы немесе жаман эмоционалды қатынастарды орнатумен байланысты, тіпті адамдардың өзімен әртүрлі жағдайда қатынас жасауға болады.

5. Тұлғаның ішіндегі қарым-қатынас формасы- бұл маңыздылардың бірі. Өз-өзімен жүргізілген диалогтың негізінде біз белгілі бір шешімдер қабылдап, маңызды әрекеттерге барамыз. Мұндай ішкі қарым-қатынасты адам ойлауының әртүрлі тәсілі ретінде қарастыруға болады [3].

Оқыту үрдісінде қарым-қатынас стратегиясын сақтаған дұрыс. Жалпы қарым-қатынас стратегиясы үшке бөлінеді. 1-ші ашық қарым-қатынас. Ашық қарым-қатынаста әр адам өзінің көзқарасын жеткізе білуі және басқалардың позициясын тыңдауға әрдайым дайын. Ал жабық қарым-қатынас ақпаратқа деген өзінің көзқарасын, қатынасын жеткізе алмауы, қарым-қатынасқа түсуге талпынбауы. 2-ші монологты стратегия. 3-ші рөлдік-тұлғалық стратегия (оқытушы-оқушы, үлкен-кіші) [1]. Жалпы қарым-қатынастың және тұлғалық қарым-қатынастың сипаттамасын және болашақ маман тұлғасын қалыптастыруда оның маңызды рөлің келесідей реттілік бойынша түсіндіруге болады.

1. Қарым-қатынас туралы түсінік.

2. Қарым-қатынас функциялары

3. Қарым-қатынас түрлері.

ЖОО білім алушы студенттер белгілі бір әлеуметтік топтар қатарына жататындықтан олар оқыту үрдісі барысында үнемі әлеуметтік әрекеттестікте болады. Ал, әлеуметтік әрекеттестік дегеніміз- бір-біріне уақыт аралата әсер етіп, әрі серіктестіктің әлеуметтік әрекеті жүзеге асып отруын және серіктестіктердің бір-бірінің әрекеттеріне бейімделуіне қол жеткізу. Мұндай әрекетте екі адамның немесе біріккен әлеуметтік топтың қарым-қатынасын байқаймыз.

Оқыту үрдісінде қарым-қатынас тренингтерін пайдалана отырып оқыту біріншіден, бірігіп әрекет ету қажеттілігінен туындайтын, құрамына ақпарат алмасумен өзара әрекеттесудің біртұтас стратегиясын жасау, бір-бірін қабылдау және түсіну, оқытушы мен студент арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының күрделі, көп мақсатты процесі. Екіншіден, субъектілердің белгілі құралдарымен жүзеге асыратын, бірігіп

әрекет ету қажеттілігінен туындаған және серіктесінің жай-күйін, мінез-құлқы мен тұлғалық маңыздылық құрылымын едәуір өзгертуге бағытталған өзара әрекеттесу. Оқу мен оқыту іс-әрекетінің субъектісі ретінде оқытушы мен студенттердің өзара әрекеттесулері арқылы қарым-қатынаста қалыптасатын және жүзеге асатын индивидуалды сипаттамалары толыса түседі. Оқытушының да студенттердің де тұлға екендігін есте естен шығармаған жөн. Әдетте тұлғааралық қарым-қатынастың екі формасын қарастырады: монологиялық, бұл кезде серіктестердің біреуіне ғана белсенді қатысушы рөлі беріледі, ал басқасына— пассивті орындаушы, және диалогтық, қатысушылардың ынтымақсатығынан көрінеді. Тренинг барысында қарым-қатынас процесін білдіретін сөздерді яғни, әңгімелесу, сөйлесу, дидактикалық (екеудің қарым-қатынасы) қарым-қатынас түрлерін пайдалануға болады. Бұл процеске қатысатын адамдарды сөйлеуші және тыңдаушы әңгімелесушілер немесе қарым-қатынас серіктестері деп атайды.

Сабақты қарым-қатынас тренингтерін пайдалану арқылы өткізу барысында мынадай ұғымдарды есте ұстаған жөн:

Тұлға диспозициясы— бұл әрекеттің белгілі бір жағдайлары. Осы жағдайлардағы белгілі бір мінез-құлқты қабылдауға деген бейімділіктің жүйесі немесе кешені.

Өмір салты— бұл адамдардың тарихи, нақты әлеуметтік қатынастары болып табылатын өмір сүру формасы.

Фактілік қатынас — коммуникативтік құралдарды тек қатынас процесін қолау мақсатында ғана пайдаланатын мазмұнсыз құбылыс.

Әлеуметтік психологиялық біліктілік— индивидтің өзін қоршаған адам мен тұлғааралық қатынастар жүйесінде тиімді әрекеттесе алу қабілеті.

Тұлғалық мәдениет— құқықтық нормалардың, адамдардың мінез-құлқын және олардың өзара қатынастарын нормативтік құндылықты реттеумен байланысты, әлеуметтік және мәдени дамудың деңгейі [4].

Тренинг барысында қатысушылар бір-бірімен қатынаса отырып бір-бірін қабылдайды және бағалайды, әрқайсысы өзінің ерекшелігін жеке қарым-қатынас тәжірибесі арқылы қалыптастырады. Осындай микроортадағы қарым-қатынастың арқасында тренингке қатысушылар бір-бірін анағұрлым әрі жақынырақ танып, олармен тиімді қарым-қатынас жасау арқылы микроортаның әсерін сезінеді. Тренингке қатысушы адамдар өз алдына шағын топ болып саналады, басқаша айтқанда микро және макроорта тоғысатын орын, олар әрекеттесетін шет болып табылады. Оқыту процесінде қарым-қатынас тренингтерін пайдалана отырып білім берудің тиімділігі сонда— студенттер өздерінің болашақ мамандықтарына қажетті кәсіби шеберліктерін, білімдерін, тәжірибелерін дәл осындай ыңғайластырылған шағын топта яғни өзінің микроортасында меңгерулеріне көбірек мүмкіндіктері бар.

Қарым-қатынас тренингтері коммуникациялық жүйе арқылы жүзеге

асады. Коммуникациялық жүйе– бұл алынатын және берілетін ақпаратты түсінуді қамтамасыз ету мақсатында тренинг мүшелері арасындағы хабар алмасу. Бұл жүйенің негізгі функциялары мыналар:

Ақпараттық– топ мүшелері арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

Интерактивті– топ мүшелері арасындағы өзара әрекеттесу түрлерін пайдалана отырып сұхбаттасушының көңі-күйіне, сеніміне, мінез-құлқына әсер ету.

Перцептивті– қарым-қатынасқа түсуші серіктестердің бірін-бірі қабылдауы және өзара түсінушілікті қалыптастыруы.

Экспрессивті– эмоционалды бастан кешірулер сипатын өзгерту [2].

Қарым-қатынас тренингі мына бағыттармен жүзеге асады: оқытушыдан- оқушыларға, оқушылардан- оқытушыға. Мұны диалогтық қарым-қатынас деуге де болады. Бұл тең құқықтық субъектілердің арақатынасы. Мұндай коммуникацияның мақсаты– өзін-өзі және өзгені тану, білу, дамыту. Қарым-қатынастың біржақты түрінен айрмашылығы– эгоцентризмнен, өзіндік ұстанымнан альтуризмге, өзгеге, басқаға бағытталған ұстанымға көшу. Бұл қарым-қатынас үрдісінде екі дауыс, екі пікір естіледі, яғни субъект-субъект қатынасы. Диалогтық қарым-қатынастың ережелері:

1. Оқытушы студенттердің күйін ескеру, «осы жерде, осы сәтте» қағидасын басшылыққа алып арақатынас жүргізу. Дәл осы кездегі сезімдерін, тілектерін, психологиялық хәлдерін назарға алу.

2. Студенттердің тұлғасына баға бермеу, алдын-ала оның ниеттеріне сену, бір-біріне сенімділік білдіру.

3. Әрбір студентті өзіне тең, өзіндік пікірі мен шешімі бар тұлға деп қабылдау.

4. Шешілмеген мәселе мен сұрақтар қарым-қатынас мазмұны болуы керек.

5. Оқытушының студенттерге сұрақтары, ұсыныстары, пікірлері өз атынан жүргізілуі керек. Біреудің пікіріне сілтемей, өзінің сезімдері мен тілектерін білдіруі қажет.

Диалогтық қарым-қатынас тренингке қатысушылардың өзара түсінушілігін тереңдетіп, бірінің көзқарасын бірі бағалай отырып, әрқайсысы өзінің ашылуына жағдай жасайды [5]. Сабақты осы тәсілмен өткізуге қажетті шарттар мен тренингке қатысушылардың, яғни студенттердің ішкі дайындығы керек. Әрине, әрбір сабақты осы тәсілді қолдана отырып өткізуге болмас. Бірақ осы типтегі оқыту үрдісін меңгерген адамдардың психикалық денсаулығы, мінездерінің біртұтастығы, салмақтылығы көзге түсердей. Тренинг барысында коммуникация процесі жүзеге асу үшін мынадай 4 элемент керек: біріншіден– хабар беруші, екіншіден- мәлімет, үшіншіден– арнайы ақпарат беру құралы, төртіншіден- ақпарат алушы.

Тренинг барысындағы коммуникация процесі дегеніміз:

1. Ақпарат алмасудың басталуы, мұнда хабар жіберушінің рөліндегі оқытушының қандай реакция алатынын ашық білу керек.

2. Ойдың символға, мәліметке айналуы.

Енді манадан бері сөз етіп, мақала тақырыбына арқау болған, сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында қарым-қатынас тренингін жүргізу арқылы оқытудан қысқаша үзінді алып, бір мысал келтіре кетсек:

Мақсаты: Оқытушы мен студенттер арасында әріптестік қатынасты орнату арқылы сабақтың мазмұнын тереңірек меңгеруге қол жеткізу.

Қолданылатын құралдар: студенттермен қатар оқытушы да шеңбер құрып отырады. Әдеттегі сабақтағыдай қажетті дәптер, қаламды қажет кезінде пайдалануға болады.

1. **Сабақтың мақсаты мен жоспарымен таныстыру.** Оқытушы қарым-қатынастың ашық, шынайы әрі тиімді жолын таңдау арқылы тақырыпқа сәйкес білім мен біліктілікті үйренуге студенттерді бағыттай отырып, олардың эмоциялық шеңберіне де ерекше ықыласпен мән береді. Мұндай қатынас түрі басқа қатынас түрлерінен айырмашылығы тренинг талаптарына сай жүргізіледі.

2. **Ережені қабылдау.** Тренинге қатысушы топ бірге жұмыс жасауға жинала отырып, ылғи да жұмысты жүргізу ережесіне келіседі. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қарым-қатынастың диалогтық түрін таңдау әрбір студенттің еркін ашылып, өзінің ойларымен қатар сезімдерін де бөлісу арқылы көрінулеріне мүмкіндіктері бар. Ал, оқытушы болса тренинг жетекшісінің функциясын ала отырып, дер кезінде қажетті сұрақтарды қойып, сабақтың монологтық түрге айналып кетуіне жол бермейді. Сонымен қатар, тақырыпты талқыға салу арқылы студенттерді қорытындылауға жетелейді.

3. **Болжамды ереже.** Бұл дегеніміз- әрбір сабаққа қатысушының белсенді жұмыс жасауы. Сөйлеп тұрған адамға зейін аударып, бір-біріне деген сенімділігін қалыптастыру. Сабақта талқыланған тапсырманы (жағдайды) сыртқа шығармау. Әркімнің өз пікірін айтуға құқы бар екендігін есте ұстау.

4. **Әдістеме-ойын.** Сабақ тақырыбына байланысты оқытушының немесе студенттердің алдын-ала дайындап келген екі-үш психологиялық жаттығуларын жүргізу.

5. **Психологиялық жаттығуларды интерпретациялау.** Оқытушы жүргізілген әрбір жаттығуға қысқаша тоқтала отырып, студенттерге өздерінің жауаптарын бағалауды ұсынады. Мұндай жағдайда топ мүшелері жеке басының ерекшелігін топтағы талқыға салмайды. Әрқайсысына әдістеменің қорытындысын сабақ соңына дейін сақтауды ұсынады.

6. **Сабақты талдау.** Тақырыптың маңыздылығы, мазмұны мен өзектілігіне мән беру. Оқытушы студенттерден тақырып бойынша пікір-

лерін сұрап, әрбір студентке өздерін бағалауды өтіну, әйтсе де, іштей объективті бағалауды назардан шығармау.

7. Үй тапсырмасы. Оқытушы студенттерге үй тапсырмасын беріп, қажетті сұрақтарды баяндайды. Әдебиеттер мен тақырыпқа қатысты ақпараттарды алуға болатын дерек көздерінің тізімін береді.

8. Кері байланыс (қайтымды байланыс). Шеңбер бойында отырған әрбір қатысушы өткізілген тақырыпқа, сабақ барысына қатысты өздерінің ойларын, ұсыныс-пікірлерін, сын-ескертпелерін, тілектерін, түйсінулері мен сезімдерін қысқаша түрде ортаға салады. Сабақ соңында оқытушы жалпы қорытындылайды.

Сонымен, қарым-қатынас тренингтерін оқыту үрдісінде тиімді қолдану студенттердің кәсіби және жалпы интеллектуалдық деңгейін көтереді.

1. *Дастанқызы Б. Психологиялық жаттығулар жинағы. – Алматы, 2007.*
2. *Құдиярова А. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы, 2003.*
3. *Айсмонто Б.Б. Социальная психология. – М., 2003.*
4. *Вагапова Д.Х. Риторика в интеллектуальных играх и тренингах. – М., 1999.*
5. *Мальханова И.А. Коммуникативный тренинг. – М., 2006.*

Резюме

В данной статье рассматривается использование коммуникативных тренингов, повышающих эффективность учебного процесса.

Summary

In given article the use of the communicative trainings which raise the efficiency of the educational process is opened.